Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2026-2027 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2026 жылдың қыркүйек айының 21 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Жемқорлықтың алдын алу!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Өнім қауіпсіздігі-басты назарда!

Халық денсаулығын сақтауда сапалы әрі қауіпсіз өнім тұтынудың маңызы зор. Өнім қауіпсіздігі – тауардың адам өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеуін қамтамасыз ететін негізгі талаптардың бірі.

Тұтынушылар өнім сатып алар кезде оның таңбалануына, құрамына, өндірушісіне, өндірілген және жарамдылық мерзіміне, сондай-ақ сақтау жағдайына назар аударуы қажет. Жарамдылық мерзімі өткен, қаптамасы бүлінген немесе шығу тегі белгісіз өнімдерді сатып алмаған жөн.

Әсіресе тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін белгіленген температуралық режимде сақтау маңызды. Сақтау талаптарының бұзылуы өнімнің сапасын төмендетіп, адам денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.

Сондықтан әрбір тұтынушы өнімді таңдауда жауапкершілік танытып, тек сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін сауда орындарынан сатып алғаны дұрыс. Қауіпсіз өнім – денсаулық кепілі!

Мектеп сөмкесі- бала денсаулығына әсер ететін маңызды фактор

Оқу жылы басталғанда ата-аналар мектеп формасы мен оқу құралдарын таңдауға ерекше көңіл бөледі. Соның ішінде мектеп сөмкесін дұрыс таңдау және оны дұрыс пайдалану – баланың денсаулығы үшін маңызды. Салмағы шамадан тыс ауыр немесе дұрыс тағылмаған сөмке баланың арқа, мойын және иық бұлшықеттеріне артық күш түсіруі мүмкін. Нәтижесінде шаршау, бұлшықет ауыруы, денені дұрыс ұстамау сияқты жайсыздықтар пайда болуы ықтимал. Дегенмен, дұрыс пайдаланылған мектеп сөмкесі өздігінен омыртқаның қисаюына немесе сколиозға себеп болады деген нақты дәлел жоқ. Мамандар баланың бойы мен дене бітіміне сәйкес келетін, арқасына жақын орналасатын, екі иыққа тағылатын кең әрі жұмсақ бауы бар сөмкені таңдауды ұсынады. Сөмкедегі ең ауыр кітаптар баланың арқасына жақын орналастырылып, қалған оқу құралдары бөлімдерге біркелкі бөлінгені дұрыс. Сөмкенің салмағына да назар аудару қажет. Сөмке салмағын баланың дене салмағының 15 пайызынан асырмаған жөн. Мысалы, салмағы 30 кг бала үшін сөмке шамамен 4,5 кг-нан ауыр болмағаны дұрыс. Ата-аналар баласының сөмкесін аптасына кемінде бір рет қарап, қажетсіз заттарды алып тастап отырғаны дұрыс. Бала сөмкені бір иығына ғана асып жүрмей, екі бауын бірдей тағуы керек. Егер бала сөмкенің салмағын көтеру үшін алға қарай қатты еңкейіп жүрсе, бұл оның ауыр екенін білдіруі мүмкін. Қорытындылай келе, мектеп сөмкесін таңдауда оның сыртқы көрінісінен бұрын баланың денсаулығы ескерілуі қажет. Жеңіл, ыңғайлы әрі балаға сай таңдалған сөмке-оқушының күнделікті жайлы жүруіне және арқаға түсетін артық жүктемені азайтуға көмектеседі. Баланың денсаулығы-ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі.

Х.Оспанов,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Хабарландыру

«ГПК Казфосфат» ЖШС-і төмендегі жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

“Көксу”өндірістік алаңына Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері, Рұқсат етілген төгінділер нормативтері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

Өтетін күні мен уақыты: 15.10.2026 сағ 15:30 .

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент а. о., Құмкент а., Мәдениет үйі

ZOOM конференциясында онлайн қосылуға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Кіру коды: 123456

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент а. о., Құмкент а.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГПК Казфосфат» ЖШС-і, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ, С.Аспандияров көш, 14А, БСН 221040010936

Жобаларды әзірлеуші: «КЭСО Отан-Тараз» ЖШС-і

Жамбыл облысы, Тараз қ., С.Лазо 1 бұр, 4 үй, БСН 130640020120.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: https://ndbecology.gov.kz, https://www. gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru

“Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, эл. мекен-жайы: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар, сонымен қатар қосымша ақпаратты мына жерден: https://ndbecology.gov.kz “Ашық жиналыстар” бөлімінде немесе келесі телефон арқылы алуға болады: +7 7262 45 23 45

Объявление

ТОО «КАЗФОСФАТ» объявляет о проведении Общественных слушаний в форме открытого собрания по нижеперечисленным проектам:

Нормативы допустимых выбросов, Нормативы допустимых сбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий для производственной площадки “Коксу” ТОО “ГПК Казфосфат”

Дата и время проведения: 15.10.2026 г. 15:30 час.

Адрес проведения общественных слушаний: Туркестанская область, Сузакский район, Кумкентский с.о., с. Кумкент,ауылдық мәдениет үйі

Ссылка на онлайн подключение в Zoom Конференция:

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09,Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, Кумкентский с.о., с.Кумкент.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО “ГПК Казфосфат”, Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, ул. Санжар Аспандияров, зд. 14А БИН: 221040010936.

Разработчик проектов: ТОО «КЭСО Отан-Тараз», Жамбылская область, г. Тараз, ул. 1 пер. С. Лазо, дом 4, БИН 130640020120

Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz и адрес МИО https://www. gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru

“Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» ММ, эл. почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Все замечания или предложения принимаются, а также дополнительную информацию можно получить по адресу: https://ndbecology.gov.kz в разделе “Открытые собрания” и по телефону: +7 7262 45 23 45

БЖЗҚ: Отандастарымыздың зейнетақы жинақтарының көлемі 28,09 трлн теңгеге жетті

Қазақстандықтардың «БЖЗҚ» АҚ-дағы (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 шілдесіне 28,09 трлн теңге болды. 12 айдағы өсім-4,08 трлн теңге немесе 17,0%. Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) қалыптасқан. Жарнаның бұл түрінің есепті күндегі көлемі – 26,15 трлн теңге, 12 айда 3,30 трлн теңгеге немесе 14,4% өсті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 12 айда 10,7%-ға ұлғайып, 756,08 млрд теңгеге жетті. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақ көлемі де ұлғайды: 2026 жылғы 1 шілдеге оның көлемі 10,31 млрд теңге болып, 12 айда 18,1% өсім көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да ұлғаюда. Былтырғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,5 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 шілдесіне 1 175,22 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы 6 айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 1 811,42 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,0%-ға (немесе 235,96 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 шілдеге дейін 1 390,48 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 7,4%-ға ұлғайды), МКЗЖ-75,43 млрд теңге (өсім-11,1%), ЕЗЖ-1,04 млн теңге түсті. Жыл басынан бастап 01.07.2026 ж. жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен жарналар 344,47 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 01.07.2026ж. жағдай бойынша 1 151,22 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 932,09 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 146,63 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 979 теңге.

2026 жылдың басынан бастап 01.07.2026 жылға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 408,11 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 55,48 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 22,59 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға-1,77 млрд теңге, жерлеуге-4,73 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 292,78 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны-18,78 млн бірлік (12 айдағы өсім-1,11 млн бірлік немесе 6,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 шілдесінде 12,80 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,36 млн - МЗЖ бойынша, 786,27 мыңы-МКЗЖ бойынша, 462,40 мыңы-ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,36 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны-5,97 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«Созақ үні»-ақпарат.